

Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2026 жылғы 18 маусымдағы № 54/6-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабының 1)-тармақшасына, 13 бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 145 "Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 263 "Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін.

2. Күршім аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 14/8-VIII "Балықшы ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Күршім аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 14/8-VII "Балықшы ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Күршім аудандық мәслихатының төрағасы

К. Бахтияров

Күршім аудандық
мәслихатының
2026 жылғы 18 маусымдағы
№ 54/6-VIII шешіміне
1-қосымша

Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

1. Осы Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі бойынша 2026-2030 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі-Жоспар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабының 1) тармақшасына, 13 бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 145 "Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 263 "Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа деген қажеттілікті орнықты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болдырмау мақсатында қабылданады.

3. Жоспарды әзірлеген кезде мыналар ескеріледі:

1) осы Жоспарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауданның жер балансының және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің деректері;

2) осы Жоспарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау мәліметтері;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 35 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19987 болып тіркелген) бекітілген Мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) туралы мәліметтер;

4) осы Жоспарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдық инфрақұрылым объектілері туралы және ауыл шаруашылығы жануарларын айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер;

5) осы Жоспарға 4-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының иелерін көрсете отырып, оларды сәйкестендіру дерекқорынан алынған ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы деректер;

6) осы Жоспарға 4-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер;

7) осы Жоспарға 4-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес нысан бойынша шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарлары басының саны туралы мәліметтер;

8) екпе және аридтік жайылымдарда, орман, су қорлары мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінде ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы деректер (Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі бойынша екпе және аридті жайылымдардың болмауына, сондай-ақ орман, су қорлары жерлерінде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мал жаюдың болмауына байланысты жоқ);

9) осы Жоспарға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары;

10) мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы статистикасы бойынша ресми статистикалық ақпарат (мал шаруашылығы статистикасы бойынша ресми статистикалық ақпарат Шығыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасының "Күршім-Вет" ШЖҚ КМК тарапынан ұсынылған және 1-қосымшада 3-кесте, 4-қосымшада 1-кесте, 2-кесте, 3-кесте қамтылған. Өсімдік шаруашылығы статистикасы бойынша ресми статистикалық ақпарат Шығыс Қазақстан облысы бойынша "Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты" ШЖҚ КМК филиалы тарапынан ұсынылған және 2-қосымшада қамтылған).

4. Жоспарда мынадай қосымшалар қамтылған:

1) Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі аумағында жайылымдардың жер санаттары бөлінісінде орналасу схемасы (картасы), онда жайылымдардың шекаралары, алаңдары мен түрлері, оның ішінде шалғайдағы, маусымдық, құрғақ және екпе жайылымдар, (Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі бойынша шалғайдағы, маусымдық, аридті және екпе жайылымдар жоқ), жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының негізінде олардың меншік иелері немесе жер пайдаланушылар туралы мәліметтер көрсетіледі;

2) жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халықтың мұқтаждығына арналған жайылымдар, оның ішінде қоғамдық жайылымдар белгіленген схема (карта), онда жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халықтың мұқтаждығына арналған жайылымдардың, оның ішінде қоғамдық жайылымдардың шекаралары мен алаңдары көрсетіледі;

3) ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетілген схема (карта), онда жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде ұсынылатын жайылым айналымдарының схемалары көрсетіледі;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын айдауға арналған сервитуттар, мал айдайтын трассалар және жайылымдық инфрақұрылымның өзге де объектілері, сондай-ақ мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) белгіленетін схема (карта), онда ауыл

шаруашылығы жануарларын айдауға арналған сервитуттар, мал айдайтын трассалар, жайылымдық инфрақұрылым объектілері, мал қорымдарының (биометриялық шұңқырлардың) орналасқан жері көрсетіледі;

5) жайылымды пайдаланушыларға жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар белгіленген схема (карта);

6) суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, қазандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахта құдықтарына) қол жеткізу схемасы, онда жануарлардың су көздеріне қарай жүріп-тұру маршруттары көрсетіледі;

7) ауыл шаруашылығы жануарларының басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы, онда ауыл шаруашылығы жануарларының басын орналастыруға арналған шалғайдағы жайылымдардың шекаралары мен алаңдары көрсетіледі;

8) ауылдық округке кіретін ауылдық елді мекендер арасында жайылымдарды жобалық бөлу (қайта бөлу), онда жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының басы үшін ауылдық округтің ауылдық елді мекендері арасында жайылымдарды бөлу (қайта бөлу) схемасы көрсетіледі (ауылдық елді мекендерде жайылымдардың жетіспеуіне байланысты жайылымдарды қайта бөлу жүргізілмейді);

9) Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі аумағында жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті талаптар:

"Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын сақтау;

жайылым айналымын және суды пайдалану көздерін ескере отырып жайылымдарды пайдалану;

жайылым алаңдарын жекеленген өріс учаскелеріне бөлу;

жайылым учаскелерін жыл маусымдары бойынша кеңістікте және уақытпен (маусым, жыл ішінде) кезектестіру;

жайылым айналымы учаскелерінің бірін жайылымсыз және ауыл шаруашылығы жануарларынсыз жыл сайын қалдыру.

Күршім ауданы
Балықшы ауылдық округі
бойынша
2026-2030 жылдарға арналған
жайылымдарды басқару
және оларды пайдалану
жөніндегі Жоспарға
1-қосымша

Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі жер балансының және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің деректері

1-кесте. Күршім ауданы Абай ауылдық округі жайылымдарын жерлердің санаттары бойынша бөлу, гектар

Ауылдық округтердің атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Жерлер санаттары							
		ауыл шаруашылығы мақсатындағы	елді мекендердің	өнеркәсіп, көлік және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың	орман қорының	су қорының	босалқы жер	Жерлер жиыны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Балықшы ауылдық округі	635237000	126,305	0,123	6,450	0	0,159	0	0	133,037

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі Күршім ауданының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде Қалғұты, Күршім және Сарыөлең ауылдық округтерінің жерлерімен, солтүстік-шығысы мен шығысында Марқакөл ауданы жерлерімен шектеседі. Батысы мен оңтүстік-батысында Зайсан көлі орналасқан.

Кадастрлық кварталдары: 05-072-044, 05-072-037, 05-072-038, 05-072-039.

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі аумағының жалпы ауданы - 133037 га, оның ішінде жайылымдық жерлер 126 305 га.

Жер санаттары бойынша бөлінуі:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - 126 305 га;

елді мекен жерлері - 123 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және ауыл шаруашылығына жатпайтын өзге де жерлер - 6450 га (оның ішінде: саз шығатын жерлер - 2278 га, құмдар - 829 га, тақырлар - 3343 га);

орман қоры жерлері - 159 га (оның ішінде: сексеуіл алқаптары - 24 га, бұталы өсімдіктер - 135 га).

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Күршім ауданының Балықшы ауылдық округінде 3 елді мекен бар.

Жайылымдардың негізгі пайдаланушылары Балықшы ауылдық округінің тұрғындары: Ақсуат ауылы, Жолнұсқау ауылы, Аманат ауылы.

Ауылдық округтің орталығы Ақсуат ауылы.

2-кесте. Елді мекеннің жайылымдарын бөлу, гектар

					Жайылымдардың алаңдары мен түрлері
--	--	--	--	--	------------------------------------

Р/с №	Ауылдық округтің атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Ауылдық округтің атауы	Жайылымдардың жалпы алаңы, гектар	жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық мұқтажын қанағаттандыруға арналған, гектар	көпшілік пайдаланатын, гектар	шалғайдағы, гектар	маусымдық, гектар	аридтық, гектар	екпелі жайылымдар, гектар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Балықшы ауылдық округі	635237100	Аксуат	109,235	3,933	0	37,719	94,586	0	0
2		635237200	Аманат		6,181					
3		635732300	Жолнұсқау		6,956					
Барлығы				109,235	17,070	0	31,719	94,586	0	0

3-кесте. Жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары негізінде меншік иелері мен жер пайдаланушылар туралы мәліметтер

Р/с №	Меншік иелерінің, жер пайдаланушылардың атауы	БСН/ЖСН	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Жайылымдар алаңы, гектар
1	Солтанов Максат Меиргазинович	740524302277	05-072-038-001	300,00
2	Бағдаулетұлы Алмас	920502350235	05-072-044-190	699,30
3	Даутов Ауданбек Майкенович	640306302726	05-072-038-004	250,00
4	Жаксыбаев Кемельбек Төлеубекович	640916401730	05-072-044-161	3813,00
5	Жоламанов Есепбек Газизович	571003300155	05-072-044-203	268,99
6	Жоламанов Есепбек Газизович	571003300155	05-072-044-241	217,01
7	Зейнолда Ілияс Оралбекұлы	21226550470	05-072-044-002	358,00
8	Кадыролдинов Асхат Атымтаевич	790122300165	05-072-044-017	250,00

9	Калитов Сеилбек Кыдышович	580329301026	05-072-044-123	596,00
10	Кулетаев Бакытжан Сергалиевич	730421302007	05-072-042-013	50,00
11	Мантиянов Қаныбек Зарықбекұлы	680208302374	05-072-039-019	200,00
12	Ожикенов Жантас Айтказыұлы	850722302513	05-072-044-128	797,50
13	Сағатов Нурлан Серикович	740706300606	05-072-042-057	160,00
14	Сағатов Нұржан Серікұлы	760803302445	05-072-039-018	200,00
15	Сакенов Ерлан Шарипханович	700402300319	05-072-044-122	200,00
16	Сакенов Ерлан Шарипханович	700402300319	05-072-044-143	497,50
17	Слямбеков Нурлан Слямбекулы	820524302026	05-072-039-001	200,00
18	Слямбеков Нурлан Слямбекұлы	820524302026	05-072-044-176	2130,07
19	Тащанов Нурлан Абиљевич	641115300040	05-072-038-111	250,00
20	Тогжанов Марат Оразханович	600726301922	05-072-044-091	1173,20

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Балықшы ауылдық округі тұрғындарының малын жаю үшін 17070 гектар жер бөлінген.

Жайылымдардың негізгі пайдаланушылары - Балықшы ауылдық округіне қарасты Ақсуат, Аманат, Жолнұсқау ауылдарының тұрғындары.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, мал азығына деген қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу үдерістерінің алдын алу мақсатында қабылданған.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Балықшы ауылдық округінде халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында:

ірі қара мал - 1636 бас,

ұсақ мал - 1857 бас,

жылқы - 858 бас.

Ақсуат ауылында:

ірі қара мал - 772 бас,

ұсақ мал - 343 бас,

жылқы - 450 бас.

Аманат ауылында:

ірі қара мал - 386 бас,

ұсақ мал - 978 бас,

жылқы - 184 бас.

Жолнұсқау ауылында:

ірі қара мал - 478 бас,

ұсақ мал - 536 бас,

жылқы - 224 бас.

4-кесте. Жайылымдарды бөлу

Р/с№	Ауылдық округтің атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды	Е л д і мекеннің атауы	Ауыл шаруашылығы жануарлары үшін қажетті жайылым алаңы, мың гектар			Қоғамдық жайылымдар алаңы, мың гектар
				Ірі қара мал	Ұсақ мал	Жылқылар	
1	2	3	4	5	6	7	9
1	Балықшы ауылдық округі	635237100	Аксуат ауылы	5,790	0,515	4,050	3,933
2		635237200	Аманат ауылы	2,895	1,467	1,656	6,181
3		635732300	Жолнұсқау ауылы	3,585	0,804	2,016	6,956
Барлығы				12,270	2,786	7,722	17,070

5-кесте. Қосымша қажет етілетін жайылымдар

Р/с №	Босалқы жерлерден қажет етілетін қосымша жайылымдар, мың гектар	Қосымша берілетін жайылымдар	
		жайылым пайдаланушыларға жер пайдалануға берілуі мүмкін жайылымдар, мың гектар	жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық мұқтажын қанағаттандыру мақсатында резервке қойылуға тиіс жайылымдар, мың гектар
	5,708	5,708	-

Күршім ауданы
Балықшы ауылдық округі
бойынша 2026-2030 жылдарға
арналған
жайылымдарды басқару және
оларды
пайдалану жөніндегі Жоспарға
2-қосымша

1. ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫ

Аудан аумағында келесі өсімдік аймақтары бөлінеді:

- Тау етегіндегі шөлейт-далалық аймақ бұл аймақ даладан шөлге өтпелі аймақ болып табылады. Бұл аймаққа тән ерекшелік – өсімдік құрамында далалық

ксероморфты түпті астық тұқымдастар мен шөлдік ксероморфты бұташықтардың болуы. Өсімдік жамылғысының тұтастығы 30-40%-дан аспайды, биіктігі 30-40 см-ге дейін жетеді. Құрғақ өсімдік массасының өнімділігі 3-4 ц/га.

- Шөлдік аймақ бұл аймақ жусанды, жусан-соранды және астық тұқымдас-жусанды, ішінара бұталы солтүстік шөлдерден қалыптасқан. Өсімдік жамылғысында ксерофиттер мен галофиттер басым (селитралы жусан, құмда - құм жусаны мен сыпыртқы жусан), бұталар - Зайсан сексеуілі, шөптесін сорандар, бұйырғындар, жартылай бұталар - сортаң ежовнигі, кең прутняк және тағы басқалар. Өсімдік жамылғысының тұтастығы 30-40%-дан аспайды, биіктігі 10-30 см-ге дейін. Құрғақ өсімдік массасының өнімділігі 1-4 ц/га.

2. НЕГІЗГІ МАЛ АЗЫҚТЫҚ, ЖЕЛІНБЕЙТІН, УЛЫ ЖӘНЕ ДӘРЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

2.1. Мал азықтық өсімдіктер

Түкті қауырсынды шөп (тырса) - биіктігі 50-80 см болатын көпжылдық тығыз түпті астық тұқымдас өсімдік. Көктемде көптеген ксерофильді астық тұқымдастарға қарағанда кеш көктейді, сондықтан кеш қурайды. Басқа селеулерге қарағанда өнімділігі жоғары, ал масақтануға дейін шабылған жағдайда бірінші орылым массасының 50%-ына дейін қайта көктейді, әрі қайта шыққан өсімдік негізінен жапырақтардан тұрады. Көктемде жылқылар жапырақтарын өте жақсы жейді және тез семіреді. Гүлдену аяқталғаннан кейін іс жүзінде желінбейді. Ірі қара жылқыға қарағанда нашарлау жейді, қой мен ешкі тек жас кезінде қанағаттанарлықтай жейді. Күзгі көгі өте нәзік болып келеді және барлық мал жақсы жейді.

Борозды бетеге (типчак) - биіктігі 30-60 см болатын көпжылдық тығыз түпті астық тұқымдас өсімдік. Түп маңында көптеген жапырақтар түзеді. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, гүлденуден кейін қурай бастайды және толық піскен кезде сарғайып, қатайды. Ыстық жаз бойы тыныштық күйінде болып, өспейді. Ауа температурасы төмендеп, алғашқы жаңбыр жауғаннан кейін түп маңында жапырақтар қайта өсіп, көктемдегідей биіктікке жетеді. Жайылымда барлық мал түрлері өте жақсы жейді, әсіресе жылқылар жақсы жейді, тек түйелер қанағаттанарлық деңгейде жейді. Гүлдеу басталғанда және тұқым піскен кезеңде нашарлау желінеді, ал жазда тек түп маңындағы жапырақтары ғана желінеді.

Бұталы қараған (қараған) - биіктігі 0,5-2 м болатын әлсіз тікенекті, бұтақты бұта. Сабақтары түзу, қабығы қою, жасылдау немесе сарғыш-сұр түсті. Гүлдері ашық сары. Мамыр-шілде айларында гүлдеп, шілде-қыркүйекте жеміс береді. Жайылымда жапырақтары мен жас өркендерін ірі қара мен қой жейді. Жапырағы қалың, ал бұтақтары тығыз өскен жерлерде жіңішке әрі шыбық тәрізді болады. Мұндай жайылымдарда кейде күзге дейін жақсы желінеді.

Жапырақтары мен гүлдерінде ақуыз көп болады.

Ақ жер жусаны - биіктігі 45 см-ге дейін жететін көпжылдық шөптесін өсімдік. Көптеген вегетативті және генеративті өркендер түзеді. Жапырақтары жұмыртқа тәрізді. Гүлдері сары. Тамыз-қазан айларында гүлдейді. Жайылымда қойлар көктемде жақсы, тіпті өте жақсы жейді, жазда қанағаттанарлықсыз жейді, ал күз бен қыста қайтадан жақсы желінеді. Жылқы мен түйе аздап нашарлау жейді. Ірі қара көктемде, күзде және қыста қанағаттанарлықтай жейді, жазда мүлде дерлік жемейді. Ортадан жоғары сапалы азықтық өсімдікке жатады.

Мүйізді сұр теріскен (терескен) - биіктігі 30-100 см болатын қатты түкті жартылай бұта. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, қатты, қысқа сағақты, қандауыр немесе сопақша пішінді. Гүлдері түкті, бұтақтарының ұшында шоғырланады. Далада, тастақты және қиыршықтасты беткейлерде, кеуіп қалған өзен арналары мен сортаң террасаларда өседі. Шілде-қыркүйекте гүлдейді. Жақсы жайылымдық және шабындық өсімдік. Жайылымда қой мен түйе өте жақсы жейді, күзде олар үшін семіртетін азық болып табылады. Жылқы нашарлау жейді, ірі қара – нашар-қанағаттанарлық деңгейде жейді. Гүлдеу кезеңіне дейін шабылған теріскен пішен ретінде барлық малға қанағаттанарлықтай желінеді. Малдың тәбетін ашатын және минералдық қоректену үшін қажет өсімдік болып саналады. Вегетациясы ұзақ, сәуір-мамырда басталып, шөлдің қатал жағдайларына бейімділігімен, құрғақшылыққа төзімділігімен, ұзақ өмір сүретіндігімен және жақсы өнімділігімен ерекшеленеді. Құрамында сапониндер, алкалоид іздері, С дәрумені анықталған.

Ақ алабота (көкпек) - жайыла өсетін қысқа бұтақтары бар жартылай бұта. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, қалыңдау, ұзындығы 0,5-3 см, ені 0,2-0,7 см, сопақша-жұмыртқа тәрізді. Жапырақ қолтықтарында ұсақ жапырақты қысқа өркендер болады. Гүлдері масақ тәрізді гүлшоғырына жиналған. Шілде-қыркүйекте гүлдеп, жеміс береді. Жайылымда гүлдеу кезеңінен бастап, күзде жемістен кейін және қыста түйелер жақсы жейді, қой мен жылқы қанағаттанарлық деңгейде жейді. Қой мен түйе үшін күз бен қыста семіртетін азық болып табылады. Ерте көктемде жылқылар былтырғы бұтақтарын сүйсініп жейді. Химиялық талдау бойынша ақуызы көп, жасұнығы аз, бірақ ерте кезеңдерде қоректік заттарының қорытылуы төмен болады, сондықтан бұл кезеңдегі қоректілігі де төмен (40 азық өлшемінен төмен). Жеміс беру кезеңінен бастап жасұнық пен азотсыз экстрактивті заттардың қорытылуы жоғарылап, жалпы қоректілігі күзде жаз бен көктемге қарағанда жоғары болады. Жапырақтарында органикалық қышқылдар бар. Малдың тәбетін ашады.

Шайқурай жапырақты тобылғы - биіктігі 150 см-ге дейін жететін, қоңыр түсті шыбық тәрізді бұтақтарында көптеген шатырша гүлдері бар бұта. Жапырақтары ұсақ, жас кезінде түкті, кері жұмыртқа тәрізді. Гүлшоғыры – 4-10 гүлден тұратын отырықшы шатыршалар. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді, маусымда жеміс береді. Жайылымда жапырақтары мен жас өркендерін қой мен ешкі сүйсініп жейді. Басқа мал түрлері

нашарлау жейді. Ерте кезеңдерде құрамында ақуыз, май көп, жасұнық аз болады, қоректілігі жақсы бұршақ тұқымдас пішеннен кем емес. Құрамында С дәрумені мен хош иісті заттар бар.

Австриялық жусан - биіктігі 60 см-ге дейін жететін көпжылдық шөптесін өсімдік. Сабағы тік өседі, аз бұтақталған немесе дара, жақсы жапырақтанған. Тамырсабағы жіңішке, бұтақталған, сүректенген. Шілде-қыркүйекте гүлдейді. Жайылымда жазда нашар желінеді немесе мүлде желінбейді. Кейде жазғы қуаңшылық кезінде қанағаттанарлықтай желінеді. Күзде және қыста түйелер мен қойлар қанағаттанарлықтай жейді, жылқы мен ірі қара аз мөлшерде жейді. Австриялық жусанның аз мөлшері астық тұқымдас пішеннің желінуін жақсартады.

Лессинг тәрізді жусан - көпжылдық өсімдік. Тамыры сүректенген, көп басты. Көптеген вегетативті (қысқарған) және жоғары жағында бұтақталатын генеративті сабақтары болады. Биіктігі 45 см-ге дейін жетіп, тығыз түп түзеді. Қыркүйек-қазан айларында гүлдейді. Мал азықтық қасиеті аз зерттелген. Әдеби деректер бойынша күз бен қыста қой мен жылқы қанағаттанарлықтай жейді. Геоботаниктердің бақылауы бойынша барлық мал түрлері көктемде, жазда және күзде қанағаттанарлық деңгейде жейді. Ерте кезеңдерде ақуызы көп, жасұнығы аз болады.

2.2. Желінбейтін өсімдіктер

Жатаған кекіре - биіктігі 15-40 см болатын көпжылдық шөптесін өсімдік. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, шілде-тамызда жеміс береді. Пішен құрамында барлық мал қанағаттанарлық деңгейде жейді. Құрамында алкалоидтар бар, сондықтан жылқылар кекіреге сезімтал келеді. Тұзды топырақта өссе, алкалоид мөлшері көбірек болады. Улануды өсімдіктің өзі емес, оны зақымдайтын саңырауқұлақ тудыратыны анықталған.

2.3. Улы өсімдіктер

Жапырақсыз ежовник - биіктігі 30-75 см болатын жартылай бұта. Көптеген шырынды, жапырақсыз бұтақтары бар. Жасыл күйінде мал жемейді. Аз ғана мөлшерде жеп қойса да, әсіресе су ішкеннен кейін, малдың өліміне әкелуі мүмкін. Себебі құрамында 5 түрлі алкалоид бар, олардың ішінде анабазин көп кездеседі. Инсектицидтік қасиеті жағынан никотиннен де күшті.

Шашақбас аққаңбақ - қалың тамырлы, тік немесе жоғары көтерілетін бұтақталған сабағы бар көпжылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 40-100 см, кейде шар тәрізді бұта түзеді. Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі (Оңтүстік Үстірт пен Қызылқұмнан басқа). Пішен құрамында қанағаттанарлықтай желінеді. Ерте кезеңдерде ақуызы көп, жасұнығы аз. Қоректілігі жақсы сапалы пішеннен кем емес. Құрағаннан кейін ақуыз азайып, жасұнық көбейеді. Тамырында сапониндер көп болады.

Ұнтақталған тамыры жүн жууға арналған ұнтақ, өрт сөндіру техникасында, құстырғыш, іш жүргізгіш және қақырық түсіретін дәрі ретінде пайдаланылады.

2.4. Дәрілік өсімдіктер

Гмелин кермегі - көпжылдық шөптесін өсімдік. Шілде-қыркүйекте гүлдеп, тамыз-қыркүйекте жеміс береді. Тамырында 25%-ға дейін илік заттар болады. Өнеркәсіптік мақсатта тұзды топырақтарда өсіруге ұсынылады. Медицинада тұтқыр, қан тоқтататын дәрі және асқазан-ішек ауруларына қарсы қолданылады. Жақсы балды өсімдік, бірақ балының сапасы төмен.

2.5. Табиғи мал азықтық алқаптар

Табиғи жағдайлары мен өсімдік жамылғысының сипаты бойынша Балықшы ауылдық округінің аумағы өсімдік қауымдастықтарының алуан түрлілігімен ерекшеленбейді, себебі климаттық, жер бедерлік және топырақтық жағдайлары біркелкі.

Көлге жақын аумақтың оңтүстігінде және одан әрі батысқа қарай жусанды-тырсалы, жусанды-бүйіргенді, ақжусанды-теріскенді жайылымдар басым.

Орталық бөліктің оңтүстігінен батысына қарай тырса мен ақжусанды жусан араласқан сексеуілді жайылымдар таралған.

Топырақ сортаңданған сайын оның бетінде қабыршақ көбейіп, өсімдік жамылғысында бүйіргеннің рөлі артады, ал сортаңдану азайған сайын жусан көбейеді.

Жусанды телімдер негізінен ақжусанды жусаннан тұрады. Бүйірген мен жусан өсімдіктері әртүрлі үйлесімде араласып өседі.

Қатты төбелі, құрғақ су арналары тілімдеген жерлерде, сортаңдар мен қоңыр топырақтарда бүйіргенді, бүйіргенді-эфемерлі, бүйіргенді-тасбүйіргенді және бүйіргенді-торғайоталы жайылымдар басым. Күшті сортаңданған жерлерде бұларға ісінген жемісті сведалар, көкпек және сорандар араласады. Кейде олар үлкен алқаптарды алып жатады.

Ақсуат кентінің солтүстік-шығысында және округтің оңтүстік-шығыс бөлігінде құмды топырақтағы жусанды-астық тұқымдас және астық тұқымдас-жусанды жайылымдар таралған. Мұнда құм жусаны (шағыр) басым. Астық тұқымдас бөлігінде боз селеу, тырса (қылтық селеу), еркек шөп (сынғыш бидайық) кездеседі, бірақ олардың мөлшері аз. Жайылымдар көбінесе австриялық жусан және құм жусаны арқылы ластанған. Құм жусаны антропогендік тип болып табылады.

Көл маңындағы ойыстарда, жер бедерінің депрессиялық бөліктерінде жер асты сулары жақын жатқан жерлерде, сол сулардың минералдануына байланысты селитралы-жусанды-бескильницалы жайылымдар таралған.

Тау етегіндегі жазық ойпаңдарда қамысты, ажырықты, көкпекті, сведалы және торғайоталы жайылымдар кездеседі. Олар шалғынды-қоңыр, сортаңдау, шалғынды-қоңыр сортаң және шалғынды-қоңыр сор топырақтарында қалыптасады.

Далалық зерттеу материалдары бойынша флоралық тізім 40 туысқа және 9 тұқымдасқа жататын 62 түрден тұрады (1-қосымша). Түр саны бойынша келесі тұқымдастар басым: астық тұқымдастар - 18 түр; алабота тұқымдастар - 14 түр; күрделігүлділер - 13 түр; бұршақ тұқымдастар, раушангүлділер және ерінгүлділер - әрқайсысы 4 түрден; шаршыгүлділер мен шатыршагүлділер - 2 түрден; қорғасыншөп тұқымдасы - 1 түр.

Өсімдік жамылғысында 22 түр доминант болып табылады.

Түрлердің басым көпшілігі (59 түр немесе 95,1%) малға желінеді, 2 түр улы, 1 түр дәрілік өсімдік болып саналады.

3. ТОПЫРАҚТАР

"Қазақстан жер қорының табиғи-ауылшаруашылық аудандастыру" схемасына сәйкес зерттелген аумақ Зайсан округінің шөл аймағына жатады (IV-3-1).

"Қазақстанның таулы және тау етегіндегі аумақтарының топырақтарының жүйелік тізімі және негізгі диагностикалық көрсеткіштері" (Алматы, 1980 ж.) бойынша Балықшы ауылдық округі жерлерінде келесі топырақ түрлері, тип тармақтары мен тектері бөлінген:

- кәдімгі қоңыр;
- сортаңдау қоңыр;
- сорланған қоңыр;
- қоңыр сортаңдар;
- шалғынды - қоңыр сортаңдар;
- типтік сорлар;
- тақыр тәрізді сортаңданған топырақтар;
- бекіген жазық құмдар.

Төменде кең таралған топырақтарға сипаттама беріледі.

Қоңыр топырақтар - шөл белдеуінің топырақтары. Кәдімгі қоңыр топырақтар ауылдық округтің батыс бөлігінде кездеседі. Топырақ түзуші жыныстар ретінде көбінесе жұқа саздақтар немесе қиыршық тастармен астасқан саздар қызмет етеді. Қарашірік мөлшері 1-2% аралығында өзгереді; жеңіл механикалық құрамды топырақтарда бұл көрсеткіш одан да төмен болуы мүмкін. А+В қарашірік қабатының қалыңдығы сирек жағдайда 30 см-ден асады. ВС өтпелі қабаты ақшыл-қоңыр түсті, қалыңдығы 20-30 см. Механикалық құрамы бойынша - құмды. Өсімдігі жусанды, түпті астық тұқымдас және эфемерлі қауымдастықтардан тұрады. Бұл топырақтар жайылым ретінде пайдаланылады.

Қоңыр сорланған және сортаңдау топырақтардың қалыптасуы тұзданған топырақ түзуші жыныстармен, көбінесе ауыр механикалық құраммен байланысты. Өсімдік жамылғысы тобылғылы, сексеуілді, түпті астық тұқымдас, жусанды, сораңды, теріскенді және эфемерлі жайылым топтарынан тұрады. 0-80 см қабатта оңай еритін тұздар улы концентрацияда кездеспейді. Қоңыр сорланған топырақтар тұзданған жыныстар жақын жатқан жағдайда қалыптасады. Булану режимінде оңай еритін тұздар топыраққа жоғары көтеріліп, 30-80 см тереңдікте байқалады. Осы қабатта гипс те кездесуі мүмкін, бірақ мөлшері 1%-дан аспайды. Топырақтар түрлі дәрежеде сортаң немесе сортаң емес болуы мүмкін. Бұл топырақтар жайылым ретінде пайдаланылады.

Толық дамымаған және әлсіз дамыған қоңыр топырақтар - бұл топырақтар тау етегіндегі еңіс жазықтарда, тегіс жерлерде бұталы, жусанды және баялышты жайылымдар астында қалыптасады. Топырақ түзуші жыныстар - қиыршықтасты саздақтар мен құмдақтар. 0-80 см тереңдікте үгітілген тау жыныстары жатыр. А горизонтының қалыңдығы 8-12 см, түсі қоңыр-сұр, өсімдік тамырларымен шырмалған, түйіршікті-шанды құрылымды, қиыршық тас пен ұсақ тастар араласқан. Әлсіз дамыған топырақтардың профилі қысқа және А, В, С немесе АС қабаттарынан тұрады. Ең жақсы дамыған қабат - А горизонты, қалыңдығы 8-20 см. Қарашірік мөлшері 1,2-1,5% аралығында. Механикалық құрамы - саздақ. Табиғи өсімдігі түпті астық тұқымдас-жусанды-теріскенді, жусанды-тырсалы-эфемерлі, ақжусанды-бүйіргенді және тасбүйіргенді жайылымдардан тұрады. Бұл топырақтар жайылым ретінде пайдаланылады.

